

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі Г.М. Айткалиева

«Бөбек kids» жеке бөбекжайының 2024-2025 оқу жылына арналған
Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

№	Іс- шара	Өткізетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде 1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту. 2. Педагогтердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және қызметтік әдеп нормалары туралы түсіндіру.	Қыркүйек	Менгеруші , әдіскер
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогтердің ата-аналармен қарым- қатынас мәдениеті және қызметтік этикасы. 2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру	Желтоқсан	Әдіскер, барлық педагогтер
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогтің кәсіби имиджі және сыртқы келбет мәдениеті. 2. Педагогтердің әлеуметтік желідегі және қоғамдық ортадағы мінез-құлық мәдениеті.	Наурыз	Барлық педагогтер
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы 1. 2024–2025 оқу жылында Педагогикалық әдеп кодексінің сақталуына жүргізілген жұмыстардың қорытындысы. 2. Жаңа оқу жылына ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.	Мамыр	Менгеруші , әдіскер

**Педагогикалық әдеп отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізу күні: 2024 ж. 17 қыркүйек, сағ. 10:00
Өткізілген орны: “Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар:

1. Айткалиева Г.М– меңгеруші
2. Әубекер А.Н – әдіскер
3. Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және қызметтік әдеп нормалары туралы түсіндіру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырып, кеңес жұмысының негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету, ұжымда өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру, педагог мәртебесін арттыру екенін атап өтті. Жоспардағы барлық іс-шаралар оқу жылы бойы белгіленген мерзімде өткізілетіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Әубекер А.Н. педагогтердің Әдеп кодексінің негізгі талаптарына тоқталып, әр педагогтің кәсіби қызметінде адалдық, жауапкершілік, әділдік, сыпайылық және өзара құрмет қағидаларын басшылыққа алуы қажеттігін түсіндірді. Сонымен қатар педагогтердің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста қызметтік әдеп нормаларын сақтау міндеттері қарастырылды. Әдеп талаптарын бұзудың алдын алу мақсатында тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Бөбекжайдың барлық педагогтері Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтасын.
3. Педагогтер тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби әдеп қағидаларын басшылыққа алсын.
4. Әдіскер тарапынан педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүйелі бақылау жүргізіліп, қажет болған жағдайда түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Төраға: Г. Айткалиева Айткалиева Г.М.

Хатшы: А.Н. Әубекер Әубекер А.Н.

**Педагогикалық әдеп отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізу күні: 2024 ж. 5 желтоқсан, сағ. 10:00

Өткізілген орны: “Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Айткалиева Г.М.– меңгеруші, Әубекер А.Н – әдіскер, Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті және қызметтік этикасы.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:


Әдіскер Әубекер А.Н. ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдары туралы баяндама жасады. Педагогтің ата-аналармен сөйлесу кезінде сабырлылық танытуы, пікір алмасу барысында әдеп сақтауы, кез келген мәселені мәдениетті түрде шешуі қажеттігі айтылды. Сондай-ақ ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлеріне құрметпен қарау – педагогтің кәсіби міндетінің бір бөлігі екендігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. педагогтің сөйлеу мәдениеті, дауыс ырғағы, сөзді дұрыс қолдануы және қызметтік қарым-қатынастағы кәсіби әдебі туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Балалармен сөйлесу кезінде жағымды сөздерді қолдану, дөрекі сөйлеуге жол бермеу және үлгі боларлықтай мәдениетті қарым-қатынас жасау қажеттігі ескертілді.

Қаулы:

1. Педагогтер ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық пен өзара құрмет қағидаларын сақтасын.
2. Қызметтік этика талаптарын бұзуға жол берілмесін.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
4. Әдіскер тарапынан педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетіне бақылау жүргізілсін.

Төраға:  Айткалиева Г.М.

Хатшы:  Әубекер А.Н.

**Педагогикалық әдеп отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізу күні: 2025 ж. 12 наурыз, сағ. 10:00

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Айткалиева Г.М.– меңгеруші, Әубекер А.Н – әдіскер, Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагог бейнесі. Педагог мамандардың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
2. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. педагогтің кәсіби имиджі оның білім деңгейімен қатар сыртқы келбеті, ұқыптылығы, жинақылығы және өзін-өзі ұстау мәдениеті арқылы қалыптасатынын атап өтті. Педагогтің киім үлгісі жұмыс орнына сай, таза және іскерлік стильде болуы қажеттігі түсіндірілді.


Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Әубекер әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде педагогтердің жауапкершілігі туралы баяндама жасады. Педагогтің жеке парақшаларындағы жарияланымдары оның кәсіби беделіне әсер ететіндігі, сондықтан әдепке қайшы келетін акпараттарды жарияламау, әріптестер мен ата-аналарға қатысты жағымсыз пікірлер қалдырмау қажеттігі айтылды. Қоғамдық орындарда да педагогтің мінез-құлқы мәдениетті және үлгі боларлықтай болуы тиіс екендігі ескертілді.

Қаулы:

1. Педагогтер кәсіби имиджіне сай сыртқы келбет мәдениетін сақтасын.
2. Әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп талаптарын қатаң ұстансын.
3. Қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне сай мәдениетті мінез-құлық көрсетсін.
4. Әдіскер тарапынан түсіндіру және алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.

Төраға:  Айткалиева Г.М.

Хатшы:  Әубекер А.Н.

**Педагогикалық әдеп отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізу күні: 2025 жылғы 16 мамыр, сағат 10:00

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Айткалиева Г.М. – меңгеруші, Әубекер А.Н. – әдіскер, Бөбекжайдың педагог қызметкерлері

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылында Педагогикалық әдеп кодексінің сақталуына жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
2. Жаңа оқу жылына ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Әубекер А.Н. оқу жылы барысында педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүргізілген бақылау жұмыстарының қорытындысын таныстырды. Педагогтердің басым бөлігі Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби мәдениет танытқаны айтылды. Сонымен қатар кейбір жағдайларда құжаттарды уақытылы рәсімдеу, қызметтік қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Екінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. келесі оқу жылында педагогикалық әдеп мәдениетін одан әрі нығайту, жас мамандарға тәлімгерлік жұмыстарын күшейту, педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыру бағытында семинарлар ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы

1. 2024–2025 оқу жылында педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әдеп кодексінің талаптарын сақтау жұмыстары келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
3. Жас мамандарға педагогикалық әдеп бойынша тәлімгерлік жұмыстар ұйымдастырылсын.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын әзірлеу меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Төраға:  Айткалиева Г.М.

Хатшы:  Әубекер А.Н.